

**БАЛҚАШ
ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ**



**АКИМАТ
ГОРОДА
БАЛХАШ**

ҚАУЛЫ

2023 жылғы 23 қараша

Балқаш қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 56/22

город Балхаш

**Жер учаскелерін сату бойынша
сауда-саттықты (аукциондарды)
өткізу бойынша кейбір сұрақтар
туралы**

Қазақстан Республикасының Жер Кодексін, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 бұйрығымен бекітілген Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда -саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу Қағидаларының 3 тармағын басшылыққа ала отырып, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының №1 қосымшасына сәйкес жер учаскелерін сату бойынша нақты сауда - саттық (аукцион) объектілері анықталсын және сауда-саттыққа шығарылатын сауда - саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері бекітілсін.

2. Сауда - саттық өткізу нысаны – аукцион, сондай - ақ сауда - саттық өткізу әдісі – ағылшынша болып анықталсын.

3. «Балқаш қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімінің орынбасары Руслан Косемғалиұлы Сыздықовқа жүктелсін.

Балқаш қаласының әкімі



С. Сатаев

Балқаш қаласының әкімдігінің
2023 жылғы "23" қарашадағы
№56/22 қаулысына
№1 қосымша

**Жер учаскелерін сату бойынша нақты сауда - саттық (аукцион) объектілері
және сауда-саттыққа шығарылатын сауда - саттық объектілерінің
бастапқы және ең төменгі бағасы, кепілдік жарналардың мөлшері**

№	Нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері	Ауданы (шаршы метр)	Құқық түрі	Кадастрлық бағалау құны, тенге	Бастапқы және ең төменгі бағасы, тенге	Кепілдік жарналар- дың мөлшері
1	объектінің құрылысын салу (өнеркәсіптік база)	Балқаш қаласы, Жезказған көшесінің бойы	4000	жалға алу 5 жыл	8 466 000	846 600	172 500